

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№07/25

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэронавигация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 10-01-6-157 сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың бірінші орынбасары Богдашкин Фаат Фаритович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Volashak project" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғысы негізінде әрекет ететін Директор Лалетина Алёна Сергеевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2025-01-08» жыл № 13477672-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 527 506 929.60 (бес жүз жиырма жеті миллион бес жүз алты мың тоғыз жүз жиырма тоғыз тенге алпыс тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 56 518 599.60 тенге (елу алты миллион бес жүз он сегіз мың бес жүз тоқсан тоғыз тенге алпыс тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

#### 2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 33 600.00 ((отыз үш мың алты жүз тенге нөл тиын)) құрайтын Шарттың осы қаржы жылы сомасының 33 600.00 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

өлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауынның қамтамасыз етуді. Орауынның қандай да бір шектеусіз



қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Жабдықты монтаждау басталғанға дейін жеткізуші оны орнату бойынша құжаттаманы әзірлейді және ұсынады. Орнату құжаттамасында физикалық орнату туралы толық ақпарат, соның ішінде Жүйенің сыртқы және ішкі қосылыстарына арналған сызбалар мен схемалар болуы керек. Сондай-ақ орнату бойынша қажетті жұмыстардың тізбесі мен көлемі ұсынылады (бейнекамера тұғырларының құрылғысы, GNSS қабылдағышының антеннасы және т. б.).

12) Өнім беруші жабдықты жеткізуге арналған келісімшарт шеңберінде кепілдік қызмет көрсету кезеңінде Тапсырыс берушінің жабдығына консультациялық және техникалық қолдау көрсетуді (ауыстырудың үлгілік элементтерін (ТЭЗ) жөндеуді, бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуді) қамтамасыз етуге тиіс;

13) Сөйлеу ақпаратын құжаттау жабдығының уақытын синхрондау үшін GNSS (Global navigation Satellites System) сигнал қабылдағышы Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелуі және метрологиялық қызметте бастапқы тексеруден өтуі тиіс, бұл растауда жеткізуші жеткізу сатысында жеткізілетін GNSS сигнал қабылдағышын бастапқы тексеру туралы сертификат береді. Өлшеу құралдарының типін бекіту туралы сертификаттың қолданылу мерзімі кемінде 5 жыл болуы тиіс (ҚР СТ 2.21-2019 ҚР МЖС стандарты, 4-тарау, 4.8-тармақ.). Мерзімді тексеруден өту үшін тексеру зертханасы Қазақстан Республикасының аумағында болуға тиіс.

14) Жеткізілетін тауарлардың функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамаларын растау үшін Жеткізуші жеткізу сәтінде: - жеткізілетін жабдықтың Кеден одағы шеңберінде

адам өмірі мен денсаулығы қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



талаптарына және нормативтік құжаттарға жауап беретінін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну; - тауар шығарылған елдің уәкілетті ұйымы берген тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттардың көшірмелерін ұсыну. Қазақстандық өндірістің тауарлары үшін тауарды жеткізу кезінде СТ-KZ сертификатының көшірмесі ұсынылады; - ҚР метрологиялық қызметінде GNSS сигнал қабылдағышының бастапқы тексеру сертификатының көшірмелерін (түпнұсқасын) ұсыну. - ҚР өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу туралы ақпарат беру. - жеткізілетін жабдықтың барлық компоненттері бойынша құнның толық сипаттамасын ұсыну; - осы жабдықтың іске қосу-реттеу жұмыстарын орындауға оқудан өткені туралы кемінде екі маманға құжаттардың көшірмелерін ұсыну (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 402 бұйрығының 118-1-тармағына сәйкес азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы 12.12.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен)

15) Сынаққа арналған FAT және SAT спецификацияларын жеткізуші әзірлейді және сынақ өткізудің күтілетін күнінен үш апта бұрын тексеру және бекіту үшін Тапсырыс берушіге сынақ өткізу жоспарымен бірге ұсынылады.

16) Тапсырыс беруші зауыттық сынақтарға (FAT) қатыса алады.

17) Заңның 26-бабына сәйкес шарттың/ соманың орындалуын қамтамасыз ету (бұдан әрі-қамтамасыз ету) электрондық құжат нысанында ұсынылатын банк кепілдігі түрінде енгізілген жағдайда, қандай да бір күтпеген мән-жайларға қарамастан, оның ішінде осы Шарт бойынша кепілгер банкті тарату тұрақты жұмыс істейтін банк кепілдігінің болуын қамтамасыз етсін. Қамтамасыз ету ретінде берілген банк кепілдігінің күші жойылған кезде Өнім беруші жоғарыда көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етуді Заңда көзделген тиісті нысанда енгізуге міндетті.

18) Бейнебақылау жүйесі мен фондық дыбыстық жазба жабдықтарын жеткізу кезінде ЗИП жиынтығы жеткізілуі тиіс. ЗИП құрамы жүйелік құжаттаманы (орнату жөніндегі құжаттаманы) дайындау және келісу кезеңінде Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс.

19) Сынақ жабдықты жеткізуші ұсынатын бекітілген SAT сипаттамаларына сәйкес Тапсырыс берушінің үй-жайларында жүргізіледі. Тапсырыс берушіге SAT сынағы өткізілетін күн туралы алдын ала хабарланады. Қажетті SAT құжаттамасын таңдауды Тапсырыс беруші бекітеді. Тапсырыс беруші мақұлдағаннан кейін бұл құжаттама екі тарап үшін де міндетті болады.

20) Кепілдік қызмет көрсету кезеңінде жеткізілетін жабдықтың барлық компоненттері бойынша ауыстыру, тасымалдау және Тапсырыс берушінің консультациялық (сервистік) қолдауы өнім берушінің күшімен және оның есебінен қамтамасыз етіледі;

21) Жабдықты жеткізу кезінде жеткізуші жеткізілетін жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттаманы ұсынады. Бұл құжаттамада белгіленген қызмет мерзімі ішінде оның толық жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жабдықта қандай жоспарлы техникалық қызмет көрсету қажет екендігі туралы ақпарат болуы керек. Құжаттамада техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қолдау үшін қолданылатын бағдарламалық жасақтаманың функцияларының сипаттамасы болуы керек.

22) Осы Шартпен және оның және Қосымшаларымен көрсетілген мерзімде және сапада Тауарды жеткізу және Қосымша қызметтерді орындау;

23) Жеткізуші өз материалдарынан айнымалы токтың кіріс желісін тұтынушы көрсеткен электр қалқанындағы қосылу нүктесінен жеткізілетін жабдықтың қуат жүйесіне қосуды орындауы керек. Жеткізуші жеткізілетін жабдықты қолданыстағы жерге тұйықтау тізбегімен байланыстыруы керек.

24) FAT жабдықты жеткізуші ұсынатын FAT бекітілген сипаттамаларына сәйкес құжаттау және көбейту құралдары кешенінің жабдықтарын өндірушінің үй-жайларында жүргізіледі. Тапсырыс беруші сынақ жүргізу кезінде қатысу құқығын сақтайды. Сондай-ақ, Тапсырыс берушіге FAT сынағы өткізілетін күн туралы алдын ала хабарланады. Сынақ сәтті өткізілген жағдайда

Тапсырыс беруші сынақ құжаттамасына қол қояды.



25) Бейнебақылау және фондық дыбыстық жазба жүйесін жеткізуші жүйелік құжаттаманы (орнату жөніндегі құжаттаманы) дайындау және келісу кезеңінде коммутаторлардың оңтайлы құрамын және оларды орнату орындарын айқындайды. Коммутаторлардың құрамын анықтау кезінде сыйымдылықтың пайдалану қоры кемінде 10% - құрауы тиіс. Тиісті коммутациялық жабдық жеткізілім жиынтығына кіреді.

26) Шарт жасалғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде өнім беруші: - Мемлекетаралық авиация комитеті берген, ақпаратты құжаттау және жаңғырту құралдары кешенінің жеткізілетін жабдығының әуеайлақтар мен әуе трассаларының радиотехникалық жабдықтарына қойылатын талаптарға жауап беретіндігін растайтын жарамды типті сертификаттың көшірмесін (немесе көшірмелерін) ұсыну. - сапа талаптарына сәйкестігін растау мақсатында өнім беруші техникалық ерекшелік құрамында өндіруші компанияның өндірістік қуаттарында тексерулер мен сынақтар жүргізу туралы ақпаратты құжаттау және жаңғырту құралдары кешенінің жабдықтарын өндірушіден кепілдік хат ұсынуы тиіс.

27) Жабдықты жеткізу кезінде жеткізуші келесі жабдықтың құнын егжей-тегжейлі сипаттайтын мәліметтерді ұсынуы керек: 1. Ақпаратты құжаттау және жаңғырту құралдары кешенінің құны, негізгі және резервтік жиынтықтар; 2. IP бейнекамераларының құны; 3. LAN коммутациялық жабдығының құны; 4. Ақпаратты жазуды бақылауды ұйымдастыруға арналған жабдықтың құны; 5. Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етумен (жаңғырту АЖО)бұрын сақталған ақпаратты жаңғырту құрылғысының құны; 6. Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етумен (мониторинг, басқару және ойнату АЖО)ойнату функциясын қоса алғанда, қашықтан мониторинг және басқару құрылғысының құны; 7. Сыртқы уақытты синхрондау құрылғысының құны; 8. Үздіксіз қуат көздерінің құны негізгі және резервтік жинақтар; 9. Кросс құны; 10. ЗИП құны; 11. 19 " стандартты телекоммуникациялық тіректердің құны; 12. UPS үшін батарея жинағының құны; 13. Тапсырыс берушінің мамандарын оқыту құны; 14. Жабдықты орнатуға қажетті шығын материалдарының құны. 15. Жабдықты орнату және іске қосу-баптау жөніндегі қызметтердің құны.

28) Жеткізуші ұсынатын барлық жабдықтар сақтандырғыштардың, алынбалы интегралды микросхемалардың, алынбалы релелердің және тез ауыстыруды қамтамасыз ететін жабдықта қолданылатын басқа да ұқсас бөлшектердің жиынтығымен бірге болуы керек. Егер келісімшарт бойынша жеткізілетін жабдықтың бөліктерінде берілген кабель қосқышы келісімшарт бойынша жеткізілмеген басқа жабдыққа қосылса, жеткізуші келісімшарт шеңберінде тиісті адаптерді жеткізеді. Егер келісімшарт бойынша жеткізілетін жабдықтың екі немесе одан да көп бөлігі өзара байланысты қажет етсе, жеткізуші жұптастырылған қосқыштары бар қажетті кабельдерді жеткізеді. Жабдық кез-келген типтік ауыстыру элементін алып тастау және орнату басқа элементтерді бөлшектеуді қажет етпейтін етіп жасалуы керек.

29) Өнім беруші жұмыстарды орындаудың мынадай тәртібін қамтамасыз етеді: - Жабдықты орнату орнын тексеру; - Сөйлеу хабарламаларын құжаттау мақсатында КДП ғимаратында диспетчерлік дауыстық байланыс жүйесімен интеграциялауды қоса алғанда, жабдықты орнату бойынша жүйелік құжаттаманы (орнату жөніндегі құжаттаманы) дайындау және келісу; - Орнату орнына дейін жеткізуді қоса алғанда, жабдықты жеткізу; - Жабдықты орнату және баптау жұмыстары; - КДП ғимаратында диспетчерлік дауыстық байланыс жүйесімен интеграциялау; - Жабдықты пайдалануға Тапсырыс берушінің мамандарын оқыту; -Тапсырыс берушімен келісілген әдістеме бойынша жабдықты қабылдау-тапсыру сынақтары.

30) Жеткізуші тауарды тасымалдау бойынша шығындарды, Ілеспе қызметтердің құнын, Тауарды тасымалдау шығындарын, соның ішінде рұқсаттама үшін төлемді (немесе өтем) және Тауарды жеткізу орнына жедел және дер кезінде жеткізуге қажетті басқа да шығындарды, сондай-ақ Жеткізушінің Тауар бағасына қосатын басқа да шығындарын төлеуге және өтеуге міндетті.

### 3.2 Өнім беруші:



1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап Тапсырыс берушінің тарапымен белгіленген мерзім ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(тер) аумағында және жеткізудің нәтижесінде жолға (немесе) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым

расталаған көшірмесі ұсынылады және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі. Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше



орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын



орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.



10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Өзге де шарттар**

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.7 Қосымша қызметтер - Жеткізуші жабдықты орнату орнын тексеруді қамтамасыз етуі керек; - Жеткізуші жабдықты орнату бойынша құжаттаманы дайындауды және келісуді қамтамасыз етуі керек; - Жеткізуші жеткізілетін жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттаманы дайындауды және келісуді қамтамасыз етуі тиіс; - Өнім беруші жабдықты жеткізуге арналған шарт шеңберінде объектіде Тапсырыс берушінің кемінде 5 маманын оқытуды қамтамасыз етуі тиіс (523 және 528-тармақтар 4-Параграф. "РТЖБС бойынша мамандардың кәсіби деңгейін қолдау "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764"ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығы); - Жеткізуші Factory Acceptance Test (FAT) өткізілгенге дейін тапсырыс берушінің мамандарын (техникалық персонал) жабдықты дайындаушы зауытта 2 адам санында оқытуды қамтамасыз етуі тиіс; - Жеткізуші Тапсырыс берушінің қатысуымен тікелей жабдықты өндіруші зауытта зауыттық қабылдау сынағын (FAT) өткізуді қамтамасыз етуі керек; -



Жеткізуші Тапсырыс берушінің объектісінде (SAT) қабылдау сынағын өткізуді қамтамасыз етуі тиіс; - Жеткізуші жеткізілетін жабдық (FAT және SAT) үшін сынақ құжаттамасын дайындауды және келісуді қамтамасыз етуі керек; - Өнім беруші Қазақстан Республикасының аумағындағы метрологиялық зертханада GNSS сигнал қабылдағышын бастапқы тексеруді қамтамасыз етуі тиіс; - Жеткізуші сөйлеу хабарламаларын құжаттау мақсатында Алматы қаласы әуежайының ӨҚБ АЖ ғимаратында диспетчерлік дауыстық байланыс жүйесімен интеграциялауды қоса алғанда, инсталляция орнына жеткізуді, инсталляциялық және баптау жұмыстарын қоса алғанда, жабдықты жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

12.8 Шарттың (немесе оның кез келген талаптарының) болуымен, қолданылуымен, оны түсіндірумен, орындаумен және әрекетін тоқтатумен байланысты пайда болған Тараптар арасындағы барлық даулар Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында реттелуге тиіс.

### 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:  
Қазақстан Республикасы Көлік  
министрлігі Азаматтық авиация  
комитетінің "Қазаэронавигация"  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
республикалық мемлекеттік кәсіпорны  
г.Астана, Е 522, 15  
БСН 130940015918  
БСК IRTYKZKA  
ЖСК KZ7096503F0007585683  
"ForteBank" АҚ  
Тел.: 704-320  
Бас директордың бірінші орынбасары  
Богдашкин Фаат Фаритович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын  
(факторингті) басқаға беру арқылы  
қаржыландыру шартын жасасқан кезде  
қаражат алушы):  
"Bolashak project" жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі  
г.Астана, ПРОСПЕКТ ТАУЕЛСИЗДИК, 21,  
16  
БСН/ЖСН 130940003374  
БСК IRTYKZKA  
ЖСК KZ3996503F0009379383  
"ForteBank" АҚ  
Тел.: +7 (7172) 26 67 51  
Директор Лалетина Алёна Сергеевна

Аббревиатураларды таратып жазу:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 13477672-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

| Лоттың №                 | Тапсырыс беруші атауы | Атауы | Қысқа сипаттама | Қосымша сипаттама | Өлшем бірлік | Саны, көлемі | Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жеткізу орындар | Аванс төлемінің мөлшері %, % | Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге |
|--------------------------|-----------------------|-------|-----------------|-------------------|--------------|--------------|--|---|--|-----------------|------------------------------|-------------------------------------|
| 1                        | 2                     | 3     | 4               | 5                 | 6            | 7            | 8                                      | 9   | 10   | 11              | 12                           | 13                                  |
| <b>2025 қаржылық жыл</b> |                       |       |                 |                   |              |              |  |   |  |                 |                              |                                     |



|              |  |                        |   |  |          |   |                |  |  |                                   |   |              |
|--------------|--|------------------------|---|--|----------|---|----------------|--|--|-----------------------------------|---|--------------|
| 71157340-ОКЗ | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазақавиация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Келіссөздер тіркеушісі | келіссөздерді жазуға арналған, авиациялық | Семей қаласы Өскемен филиалының "Семей" алыс жердегі орнының диспетчерлік пункттері үшін орнату және іске қосу-реттеу жұмыстарын қоса алғанда, бейнебақылау және фондық дыбыстық жазба жүйесінің жабдықтар жиынтығын сатып алу | Комплект | 1 | 527 506 929.60 | Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күн ішінде | Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күн ішінде | Абай облысы, Семей қ., әуежай (1) | 0 | 1 120 000.00 |
|--------------|--|------------------------|---|--|----------|---|----------------|--|--|-----------------------------------|---|--------------|

## 2026 қаржылық жыл

|              |  |                        |   |  |          |   |                |  |  |                                   |   |                |
|--------------|--|------------------------|---|--|----------|---|----------------|--|--|-----------------------------------|---|----------------|
| 71157340-ОКЗ | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазақавиация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны | Келіссөздер тіркеушісі | келіссөздерді жазуға арналған, авиациялық | Семей қаласы Өскемен филиалының "Семей" алыс жердегі орнының диспетчерлік пункттері үшін орнату және іске қосу-реттеу жұмыстарын қоса алғанда, бейнебақылау және фондық дыбыстық жазба жүйесінің жабдықтар жиынтығын сатып алу | Комплект | 1 | 527 506 929.60 | Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күн ішінде | Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күн ішінде | Абай облысы, Семей қ., әуежай (1) | 0 | 526 386 929.60 |
|--------------|--|------------------------|---|--|----------|---|----------------|--|--|-----------------------------------|---|----------------|



## Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№07/25

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Казаэронавигация" Комитета гражданской авиации Министерства транспорта Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Первый заместитель генерального директора Богдашкин Фаат Фаритович, действующий на основании доверенности от 30 декабря 2024 года № 10-01-6-157, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Bolashak project", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Директор Лалетина Алёна Сергеевна, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Открытый конкурс» от 2025-01-08 года № 13477672-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

